

**"Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 40 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 2 ақпанда № 37927 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14117 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 508-91) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы*

*А. Бердалин*

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы

2026 жылғы 29 қаңтардағы  
№ 40 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2016 жылғы 8 шілдедегі  
№ 304 бұйрығымен бекітілген  
Нысан

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның ведомствосы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(уәкілетті орган ведомствосы  
аумақтық бөлімшесінің атауы)

**Балықтың қайдан ауланғаны туралы № \_\_\_\_\_ анықтама**

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(жеке тұлғаның аты, әкесінің  
аты (бар болса), тегі немесе  
заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
берілді (басшының аты, әкесінің  
аты (бар болса), тегі)

**Табиғи ортадағы балықтар ресурстары/ басқа су жануарлары үшін/ мелиоративтік аулау шеңберінде (қажеттісін көрсету керек)**

№	Аулау орнының (балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскенің) атауы	Балық ресурстарының және (немесе) басқа су жануарларының түрлері	20__ жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін белгіленген квота/лимит (тонна) (табиғи ортадағы балық ресурстары және (немесе) басқа су жануарлары үшін)	Мелиоративтік аулау шеңберінде (тонна)	20__ жылғы "____" _____ жа й-күй бойынша өтініш жасалған күнге мәлімделген аулау көлемі (тонна)	20__ жылғы "____" _____ жа й-күй бойынша қалған қалдық (тонна)
1	2	3	4	5	6	7

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі электрондық кәсіпшілік ауланым деректері журналына енгізілген табиғи ортадағы балық ресурстарының/басқа су жануарларының / мелиоративтік аулау шеңберінде (

қажеттісін көрсету керек) қайдан ауланғанын және ақпараттық жүйеде болуын растайды:

№	Балық ресурстарының және (немесе) басқа су жануарларының түрі	Балық ресурстарының және (немесе) басқа су жануарларының расталатын көлемі (тонна)
1	2	3
Барлығы:		

\*Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама берілген күнінен бастап бір жыл бойы қолданылады

Берілген күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

---

(уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі басшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)